



## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- **7M01504 Физика педагогтарын даярлау**

### **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЫҢ МАҚСАТЫ**

Іргелі ғылыми және кәсіптік білімі бар, заманауи ақпараттық технологияларды жетік білетін, білім беру саласын жүйелі түсінетін, ғылыми экспериментті ұтымды ұйымдастыратын, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін ұлттық немесе халықаралық деңгейде жариялайтын және іргелі, жоғары сапалы, кәсіби және педагогикалық білімі бар, ғылымның дамуына үлес қоса алатын физика саласы бойынша терең білімі бар білім беру магистрлерін даярлау

### **КӘСІБИ ІС- ӘРЕКЕТІНІҢ САЛАСЫ**

Білім беру және тәрбиелеу, сондай-ақ білім берумен байланысты мемлекеттік реттеу мекемелеріндегі ғылыми қызмет

# ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

**ОН 1** – физиканың негізгі салаларынан құбылыстарды, негізгі ұғымдарды, негізгі заңдар мен олардың эксперименталдық және теориялық негіздерін *анықтайды* және *сипаттайды*;

**ОН 2** –іргелі фундаменталды физикалық теорияларды үйлестіру, тиімді пайдалану әдістерін және басқа пәндердегі физикалық мазмұнды мәселелерді *табады*;

**ОН 3** –Ғаламның жылдам ұлғаюыжайындағы фактілерді, ережелер мен қағидаларды *түсіндіреді*; қол жетімді мәліметтерден туындайтын Ғаламның пайда болу теориясының салдарын *сипаттайды*;

**ОН 4** –физикалық процестерге ғылыми бақылаулар *жүргізеді*, физикалық қондырғыларды пайдаланып эксперименттік мәліметтерді жинақтау және жұмыс жасау үшін қондырғыларды қолданады;

**ОН 5** –зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік тәжірибені зерттейді, ғылыми-техникалық ақпаратты *талдайды*;

**ОН 6** –оқу процесінде оқушылар мен студенттердің эксперименттік іс-әрекетін ұйымдастыруда физика мұғалімдерінің озық тәжірибелерін *қолданады*;

**ОН 7** –Әлемнің заманауи вакуумдық моделінің артықшылықтары мен кемшіліктерін *ажыратады*;

**ОН 8** –қазіргі заманғы технологиялардың, идеялардың, қазіргі заманғы жаңа бағыттардың кең ауқымын *бағдарлай алады* және оларды өзінің педагогикалық қызметінде қолданады;

**ОН 9** –физика ғылымының кейбір жекелеген мәселелерін оқыту әдістемесін *дамытуға* және *жетілдіруге* мүмкіндігі бар;

**ОН 10** –қажетті ақпаратты алу көздерін рефлексивті түрде *таңдауға* және *пайдалануға* мүмкіндігі бар